


Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Жас ұрпақ білуге тиіс дәуір тарихы



Жас ұрпақ бүгін Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатыр. Еркін елдің ұландары ешнәрседен кенде емес. Бүгін колледжде білім алып жүрген жастарды Тәуелсіздік алған жылдардан бергі кездің төлі десек болады, олар жиырма жасқа да толған жоқ.

Аталарымыз аңсаған Тәуелсіздік қолға тигеннен кейін оның іргетасын қалаған, тұғырын мықтаған уақыт та бір дәуір саналады. Аз да болса тұтас дәуірге тең кезең туралы «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында Нұрсұлтан Назарбаев публицистикалық сарынмен кімге болса да түсінікті, жүрекке жұмсақ жылылықпен баяндайды. Жас ұрпақ бұл кезең тарихын білуге тиіс. Осы мақсатпен Қостанай жоғары политехникалық колледжі «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының тұсаукесерін жасау үшін облыстағы қоғамдық пікірлер көшбасшыларының, облыстық мәслихат депутаттарының, бизнес-құрылым өкілдерінің, оқу-ағарту саласы өкілдері мен облыстағы колледждердің студент жастарының басын қосты.

Облыс колледждерінен 500 студент қатысқан жиында облыстық мәслихаттың хатшысы Сайлаубек Есжанов ел Тәуелсіздігінің тарихы туралы кітаптың жарық көруімен жастарды құттықтап, онда Елбасы баяндаған біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасу уақыты туралы маңызды еңбек екенін айтты. Одан кейін білім беру саласының ардагері, белгілі ұстаз Светлана Мачнева кітаптың алғашқы бөлімі, яғни 1991-1995 жылдар аралығын қамтитын Қазақстанның алғашқы жаңғыруы жөнінде әңгіме қозғады. Алғашқы бес жыл еркіндігін енді алып, қаз басқан ел үшін экономикалық жағынан ғана емес, саяси жағынан да аса жеңіл болған жоқ. Бұл жылдары жоспарлы экономиканың күні бітіп, нарық келуімен байланысты экономикалық дағдарыс өз алдына, жас елдің мемлекеттік басты құжаттары қалыптасты. Жас мемлекеттің заңнамалық іргетасы қаланды. Осы бөлімде нарықтық жаңару кезінде либералдық реформаның қажетті жағдайында Президент заң күші бар 147 Жарлыққа қол қояды. Ал республиканың бұрынғы Жоғарғы Кеңесі жыл бойы небары 7 заң ғана шығаратын. Осы мысалдан-ақ Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бел қайыстырар еңбектің қандай болғаны көз алдыға келеді.

Тұсаукесерде кітаптың одан кейінгі бөлімдері туралы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбілев, Челябин мемлекеттік университеті Қостанай филиалы директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары, Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқығы комиссиясы сарапшылар кеңесінің мүшесі Әлімжан Бекмағамбетов сөз қозғады.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи-публицистикалық жанрда жазған бұл кітабының құндылығы Тәуелсіздік тұғырын қалыптастыру тарихын кешенді түрде алып қарастырады. Елдің Тәуелсіздік жылдары саяси, экономикалық әлеуметтік жүйесінің өзгеруін жинақтап, кешенді түрде зерттеген мұндай кітап Қазақстанда әлі жоқ. Осы 26 жылда Тәуелсіздік туралы жазылған кітаптарды авторлардың әрқайсысы өзінің зерттеген саяси немесе экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан жекелей алып қана жазды. Ал мынандай жинақтап, біртұтас айтып берген ешкім жоқ, – деді Еркін Аманжолұлы. «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы жас қазақстандықтарға мемлекеттің қалай қалыптасуы мен елдің қалай өсуін баяндайды. Оны жастар оқып қана қоймайды, одан үйренуі, саяси, экономикалық ой-өрістерін кеңейтуі де керектігі айтылды жиында.

– Бұл кітап оқу үдерісінде пайдаланылуы тиіс. Ол барлық білім беру деңгейінде, яғни мектептерде, техникалық және кәсіби білім беру, жоғары оқу орындарында оқытылуы жағын ойластырамыз. Бүгінгі оқушы, студент еліміздің ертеңгі мамандары, көшбасшылары деп білсек, бүгінгі жастар бұл кітаптан өздерін толғандырған сұрақтардың барлығына жауап табады деп ойлаймын, – деді Қостанай жоғары политехникалық колледжінің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Алма Досжанова.

Жиында Тәуелсіздік жылдары мемлекеттілігіміздің қалыптасуын баяндаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кітабы туралы маңызды пікірлер айтылып қана қоймай, ол әнмен, бимен өрнектеліп отырды. Кітаптың тұсаукесерінде патриоттық сезімге толы жастық жігер де байқалып тұрды.

Нәзира ЖӘРІМБЕТ